

№9 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша

Қамқоршылық кеңес отырысының

Хаттамасы №3

Күні: 28.02.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры: Г.Б.Серикова
2. Әлеуметтік педагог: Ғизатқызы Мөлдір
3. Қамқоршылық кеңес төрағасы: Ж.Ж.Ишанғалиева
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Ибраева
5. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Г.Мугашова
6. Қамқоршылық кеңес мүшесі: С.Саркитова
7. Қамқоршылық кеңес мүшесі: А.Косеменова
8. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ж.Нұрберген
9. Қамқоршылық кеңес мүшесі: С.Азимбаева
10. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Э.Бахова
11. Қамқоршылық кеңес мүшесі: Р.Оспанова

Күн тәртібінде:

1. Қамқоршылық кеңестің жаңа құрамын таныстыру
2. Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілерімен бірлесе ҚР “Бала құқықтары туралы” заңы мен БҰҰ “Бала құқықтары туралы конвенция” және ҚР “Неке және отбасы туралы” заңын талқылау.
3. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларды әлеуметтік жағдайын тексеру туралы.

Тыңдалды: Мектеп директоры: Г.Б.Серикова – қамқоршылық кеңестің жаңа құрамымен таныстыруға жиналысты ашық деп жариялады. Осы кеңестің құрамы ата-аналарды шақырған болатын. Ата-аналар өздерін таныстырып өтті.

Әлеуметтік педагог: М.Ғизатқызы - білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 тамызда № 15584 болып тіркелгенін таныстырып өтті. Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайтындығы туралы айта отырып, кеңестің жұмысы қандай болатыны түсіндірілді. Қамқоршылық кеңеске ата-аналар өз еріктерімен мүше болды.

Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілерімен бірлесе ҚР “Бала құқықтары туралы” заңы мен БҰҰ “Бала құқықтары туралы конвенция” және ҚР “Неке және отбасы туралы” заңы талқыланды. Осы заңдар аясында қызмет етеміз.

Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушыларды әлеуметтік жағдайын тексеру туралы айтатын болсақ, мектеп бойынша тіркеуде тұрған қамқорлықта 4 оқушы бар. Оларға мектеп жанынан үнемі көмек көрсетіліп отырады.


Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ж.Нұрберген – мектеп жанынан қамқорлықтағы балаларға қандай қолдаулар болады, олардың әлеуметтік жағдайлары қандай?

Әлеуметтік педагог: М.Ғизатқызы – мектеп жанынан қамқорлықтағы балаларға тегін ыстық тамақпен қамтылады, жаңа жылдық шыршаға жіберіледі (жасына қарай), жазғы лагермен қамтылады ондада жасына қарай, мектептік жалпыға бірдей міндетті қорынан қаржылай көмек көрсетілген жағдайда бірінші кезекте қамқорлықтағы балаларды қамтимыз, сырттан көрсетілетін жеке тұлға, жеке кәсіпкерлердің көмегі болған жағдайда да киіммен, тамақпен көмек көрсетеміз. Мектепте отырған қамқорлықтағы 4 оқушының төртеуіде осал топтан. Аз қамтылған.


Қамқоршылық кеңес мүшесі: Г.Мугашова – қамқорлықтағы оқушыларға қандайда көмек керек болса айтыңыздар. Әр қазақ жетімін жылатпаған көмек көрсетуге дайынбыз. Басқа да қамқоршылық кеңес мүшелері көмек көрсетіп, қолдайтынын білдірді.

Ұсыныс:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысы жандандырылсын.
2. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған оқушылармен жұмыс күшейтілсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  **Ж.Ишанғалиева**

Хатшы:



М.Ғизатқызы

